

Мемлекеттік меншік мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2123 Қаулысы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағына, «Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына, «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудағы оның үйлестіруші рөлін күшейту жөніндегі кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1099 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімінің «Қарағандыгипрошахт және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысудың 90 пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік үлесін заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншікке беру туралы ұсынысына к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағында және осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;

2) республикалық меншікке берілгеннен кейін осы қаулының 1-тармағында және осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген мүлікті және осы қаулыға 2-қосымшада көрсетілген республикалық меншіктегі мүлікті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қор) қарасты «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Оңтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы», «Ұлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамдарының акциялар пакетінің орнына Қордың меншігіне беруді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) оларды мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейін осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың акциялар пакеттерін иелену мен пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне

беруді қамтамасыз етсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына: көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне» деген бөлім мынадай мазмұндағы 237-35, 237-36, 237-37, 237-38, 237-39, 237-40, 237-41, 237-42-жолдармен толықтырылсын:

«237-35. «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-36. «Оңтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-37. «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-38. «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-39. «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-40. «Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-41. «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

237-42. «Ұлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамы»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен. Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 2123 қаулысына

1-қосымша

Республикалық меншікке берілетін, кейіннен Қордың меншігіне берілетін коммуналдық меншіктегі мүлік

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.08.03 № 1018

Қаулысымен.

Р/с №	Мүліктің атауы
1	2
Қарағанды облысы бойынша	
1	Темір жол вокзалдарының жолаушылар платформалары
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша	
2	Мына мекенжай бойынша орналасқан № 3, № 9, № 17, № 18, № 19, № 20, № 23, № 26, № 33, № 40 пәтерлерді қоспағанда, бес қабатты тұрғын үй: Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, № 154 үй
3	Мына мекенжай бойынша орналасқан бес қабатты тұрғын үйдің аяқталмаған құрылысы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, № 155 үй
4	Мына мекенжай бойынша орналасқан бес қабатты тұрғын үйдің аяқталмаған құрылысы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, № 2 үй

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 1 2 3

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қор меншігіне берілетін республикалық меншіктегі мүлік

Р/с №	Мүліктің атауы
1	2
1	Жамбыл және Ақтөбе облыстарының аумағында орналасқан жоғары, орташа және төмен қысымды газ құбырлары мен оларға ілеспелі құрылыстар
2	Ілеспелі инфрақұрылым объектілерімен және осы инфрақұрылым объектілерін орналастыруға бөлінген жер учаскелерімен бірге Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Тұймазы Омбы Новосибирск 2 (ТОН-2) мұнай құбырының қазақстандық учаскесі
3	Павлодар және Ақтөбе әуежайларының қайта жаңарту шеңберінде 006 «Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа сатып алынған мүлкі
4	«Қазақ-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакеті
5	«Павлодар мұнай-химия зауыты» акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакеті
6	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қайсенов көшесі, 121 мекенжайында орналасқан ғимарат
7	Атырау қаласы, Абай көшесі, 6 мекенжайы бойынша орналасқан үш қабатты тұрғын үйдің бүйіріндегі «Қазпочта» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қазпочта» АҚ) Атырау облыстық филиалы орналасқан үйдің бүйіріндегі үй-жай
8	Атырау қаласы, Белинский көшесі, 20 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Атырау облыстық филиалының № 6 қалалық почта байланысы бөлімшесі (бұдан әрі - ҚПББ) орналасқан үй-жай

9	Риддер қаласы, Островский көшесі, 70 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 8 ҚПББ орналасқан үй-жай
10	Өскемен қаласы, Пушкин көшесі, 32-2 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 13 (33) ҚПББ орналасқан үй-жай
11	Өскемен қаласы, Ульяновская көшесі, 89 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 8 (27) ҚПББ орналасқан үй-жай
12	Өскемен қаласы, Менделеев көшесі, 9 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 17 ҚПББ орналасқан үй-жай
13	Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 34 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 18 ҚПББ орналасқан үй-жай
14	Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 13 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 3 (22) ҚПББ орналасқан үй-жай
15	Өскемен қаласы, Энтузиастар көшесі, 17 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 14 ҚПББ орналасқан үй-жай
16	Семей қаласы, Тельман көшесі, 162а мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 1 ҚПББ орналасқан үй-жай
17	Семей қаласы, 35-квартал, 24 үй мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 7 ҚПББ орналасқан үй-жай
18	Молодежный поселкесі, 6-үй, 61-пәтер мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Улан почта байланысының аудандық торабы орналасқан үй-жай
19	Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Науалы ауылы, Қабанбай көшесі мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Науалы почта байланысы бөлімшесі (бұдан әрі - ПББ) орналасқан ғимарат
20	Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Сейфуллин көшесі, 4 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының № 4 Үржар ПББ орналасқан мекеме облыстық филиалының Усть-Таловка ПББ орналасқан ғимарат
21	Шығыс Қазақстан облысы, Шемонаиха ауданы, Октябрьское ауылы, Советская көшесі, 3 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Октябрьское ПББ орналасқан үй-жай
22	Шығыс Қазақстан облысы, Шемойнақ ауданы, Усть-Таловка ауылы, Школьная көшесі, 6 үй мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Октябрьское ПББ орналасқан үй-жай
23	Алматы облысы, Текелі қаласы, Абылай хан көшесі, 29 мекенжайы бойынша «Қазпочта» АҚ-ның Алматы облыстық филиалының почта байланысының Текелі қалалық торабы орналасқан ғимарат